

**Ресми рецензент Беркинбаева Гульзат Онгарбековнаның
6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілдері мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған Жаназарова Загира Кожабаяевнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға
бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін
қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін астын сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күніндегі жағдайы бойынша) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі</p>	<p>Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының басым бағыттарымен толық үндеседі. Аталған тұжырымдамада білім беру сапасын арттыру, педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, инновациялық оқыту технологияларын енгізу және халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу міндеттері айқындалған.</p> <p>Зерттеу мазмұны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген және 2024 жылғы 27 тамыздағы №419 бұйрықпен толықтырылған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіру, олардың коммуникативтік, зерттеушілік және жобалық құзыреттерін дамыту мәселелері қарастырылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген жоғары білікті мамандар даярлау, білім беру</p>

		жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	жүйесін жаңғырту, адами капиталдың сапасын арттыру және еңбек нарығының жаңа талаптарына жауап беретін педагогтерді қалыптастыру міндеттерімен де сабақтас.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлес қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы жеткілікті <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>Диссертациялық зерттеуде алғаш рет экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленіп ашылған. Оның мазмұны мен құрылымы ғылыми тұрғыдан нақтыланған. З.К.Жаназарова метакоммуникативтік құзыреттіліктің тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымын негіздеп, олардың қалыптасу критерийлері мен көрсеткіштерін айқындаған.</p> <p>Зерттеудің ғылыми маңыздылығы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделінің жасалуымен, оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттарының анықталуымен және кәсіби тілдік сананы қалыптастыру құралы ретінде профконцепт ұғымының теориялық тұрғыдан негізделуімен сипатталады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <u>жоғары</u>; 2. орта; 3. төмен; 4. өзі жазбаған 	<p>Диссертациялық жұмыс З.К.Жаназарованың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі деп қарастыруға болады, себебі зерттеуде ұсынылған теориялық тұжырымдар, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі, профконцепт негізіндегі әдістемелік жүйе, жаттығулар кешені және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері автордың өзіндік ғылыми ұстанымы мен зерттеу қызметін көрсетеді.</p>

			Жұмыстың құрылымы, ғылыми аппараты және қорытындылары зерттеудің жоғары деңгейде өз бетінше орындалғанын дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1. <u>негізделген;</u> 2. ішінара негізделген; 3. негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіру қажеттілігімен, экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткілікті зерттелмеуімен және жобалау технологияларын білім беру үдерісіне енгізудің маңыздылығымен негізделген. Зерттеуде анықталған қарама-қайшылықтар мен оларды шешуге бағытталған ғылыми ізденіс жұмыстың өзектілігін толық дәлелдейді.
		4.2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1. <u>айқындайды;</u> 2. ішінара айқындайды; 3. айқындалмайды.	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Жұмыста болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері, жобалау технологияларына негізделген әдістемелік жүйесі және оның тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері жүйелі түрде қарастырылған. Барлық тараулар зерттеу мақсаты мен тақырыбына сәйкес құрылып, өзара логикалық сабақтастықта берілген.
		4.3 Мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1. <u>сәйкес келеді;</u> 2. ішінара сәйкес келеді; 3. сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты зерттеу тақырыбымен толық үйлеседі және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін жобалау технологиялары арқылы қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін айқындауға бағытталған. Зерттеу міндеттері метакоммуникативтік құзыреттіліктің мәні мен құрылымын нақтылау, мазмұндық-функционалдық модель әзірлеу, профконцепт мазмұнын негіздеу, әдістемелік кешен мен тезаурустық сөздік құрастыру және олардың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы

		<p>тексеру сияқты зерттеудің негізгі кезендерін толық қамтиды. Сондықтан мақсат, міндеттер және диссертация тақырыбы арасында толық логикалық сәйкестік сақталған.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары логикалық тұрғыдан өзара байланысты:</p> <p>1. <u>толық өзара байланысты;</u></p> <p>2. өзара байланыс ішінара;</p> <p>3. өзара байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның құрылымы ғылыми зерттеу логикасына толық сәйкес құрылған. Бірінші тарауда зерттеудің теориялық негіздері мен негізгі ұғымдары айқындалса, екінші тарауда сол теориялық тұжырымдарға негізделген мазмұндық-функционалдық модель мен әдістемелік жүйе ұсынылған. Үшінші тарауда әзірленген модель мен әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, нәтижелері ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қорғауға ұсынылған қағидалар, зерттеу нәтижелері мен қорытындылар диссертация бөлімдерінің мазмұнымен өзара сабақтасып, біртұтас ғылыми жүйе құрайды.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелденген және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>сыни талдау бар;</u></p> <p>1. талдау ішінара;</p> <p>2. талдау автордың өз ойлары емес, басқа авторлардың дәйексөздерінен тұрады;</p> <p>3. талдау жоқ.</p>	<p>Диссертацияда метакоммуникативтік құзыреттілік мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты теориялық талдау жүргізілген. Ізденуші бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдарды салыстыра отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделін, профконцепт негізіндегі әдістемелік жүйені және жобалау технологияларына негізделген жаттығулар кешенін ұсынған. Ұсынылған шешімдердің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденіп, олардың ғылыми және практикалық құндылығы негізделген.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңашылдығы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. толығымен жаңа; 2. жартылай жаңа (25–75%); 3. жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Диссертацияда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында қалыптастыруға бағытталған мазмұндық-функционалдық модель, профконцепт негізіндегі әдістемелік жүйе, жобалау технологияларына негізделген жаттығулар кешені және тезаурустық сөздік ұсынылған. Зерттеудің ғылыми нәтижелері бұрынғы теориялық тұжырымдарды дамыта отырып, оларды жаңа білім беру жағдайына бейімдеу арқылы толықтырған. Ізденуші ұсынған қағидалар мен әдістемелік шешімдер ғылыми жаңашылдыққа ие болғанымен, олардың бір бөлігі қолданыстағы құзыреттілік, жобалық оқыту және шеттілдік білім беру теорияларының негізінде жетілдірілген. Сондықтан зерттеу нәтижелерін ішінара жаңа (75% жаңа) деп бағалауға болады.</p>
		<p>5.2 Диссертация қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. толық жаңа; 2. бөліктік жаңа (жаңа 25–75%); 3. жаңалығы жоқ (жаңа 25%-дан аз). 	<p>Диссертация қорытындылары жүргізілген теориялық зерттеулер мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесінде алынған жаңа ғылыми тұжырымдарға негізделген. З.К.Жаназарова экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделінің тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттарын, профконцепт негізіндегі оқыту мазмұнын және жобалау технологияларына негізделген әдістемелік жүйені ұсынған. Алынған қорытындылар зерттеу мақсаты мен міндеттерінен туындап, шеттілдік білім беру әдістемесі теориясын жаңа ғылыми нәтижелермен толықтырады.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған әдістемелік және технологиялық шешімдер автордың өзіндік ғылыми ізденістері нәтижесінде әзірленген және зерттеу тақырыбына сәйкес жаңа ғылыми нәтижелер ретінде ұсынылған. Ізденуші экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделін, профконцепт негізіндегі оқыту мазмұнын, жобалау технологияларына негізделген жаттығулар жүйесін және экономикалық терминдер мен ұғымдардың тезаурустық сөздігін әзірлеген. Ұсынылған шешімдер зерттеу барысында теориялық тұрғыдан негізделіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы тиімділігі дәлелденген. Сондықтан диссертациядағы технологиялық және әдістемелік шешімдер толықтай жаңа және ғылыми тұрғыдан негізделген деп бағаланады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың ғылыми дәлелділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті дәрежеде негізделген (qualitative research үшін және өнер мен гуманитарлық ғылымдарды дайындау бағыттары бойынша).</p>	<p>Диссертацияның негізгі қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүргізілген жан-жақты теориялық талдау, зерттеудің әдіснамалық негіздері, педагогикалық эксперимент нәтижелері және олардың сапалық әрі сандық өңдеу қорытындылары арқылы негізделген. Эксперимент нәтижелері бақылау және эксперименттік топтар көрсеткіштерін салыстыру арқылы расталып, ұсынылған әдістеменің нәтижелілігін дәлелдеген. Сондықтан диссертацияда жасалған қорытындылар жеткілікті ғылыми деректерге сүйенген, дәйекті және негізді болып табылады.</p>
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар	<p>Әрбір тұжырым бойынша жеке-жеке келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p>	<p>Қағидат 1: Метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби қарым-қатынас үдерісін саналы түрде басқаруға мүмкіндік беретін интегративті кәсіби сапа ретінде анықталады. Оның құрылымын</p>

	<p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <u>дәлелденген</u>; 2. негізінен дәлелденген; 3. негізінен дәлелденбеген; 4. дәлелденбеген; 5. қазіргі тұжырымда дәлелділікті тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тұжырым тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. иә; 2. жоқ; 3. қазіргі тұжырымда тривиалдылықты тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Тұжырым жаңа?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. иә; 2. жоқ; 3. қазіргі тұжырымда жаңашылдықты тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. тар; 2. орташа; 3. <u>кең</u>; 	<p>тезаурустық-аналитикалық, когнитивті-дискурсивтік және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер құрайды.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді Ереже диссертацияның теориялық бөлімінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ Ұсынылған тұжырым жалпыға белгілі ғылыми қағидаларды қайталамайды.</p> <p>7.3 Жаңа ма? – 1) иә Ғылыми жаңалығы метакоммуникативтік құзыреттілік ұғымының мазмұнын нақтылаудан және оның құрылымдық компоненттерін кәсіби даярлау үдерісімен байланыстыра негіздеуден көрінеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі – 3) кең Аталған қағида жоғары оқу орындарында шетел тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында және кәсіби-бағдарланған шеттілдік білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) иә Бұл ғылыми қағида автордың «Some Aspects of Formation of Metacommunicative Competence in the Process of Professional Training» (2018) және «Conceptual Platform for Formation of the Meta-Communicative Competence of a Future Foreign Language Teacher at a Specialized School of Economics» (2020) атты ғылыми мақалаларында жарияланып, ғылыми қауымдастық талқылауынан өткен және зерттеу нәтижелерімен негізделген.</p> <p>Қағидат 2: Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың</p>
--	--	--

	<p>4. қазіргі тұжырымда қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. иә; 2. жоқ; 3. қазіргі тұжырымда мақалада дәлелділікті тексеру мүмкін емес. 	<p>мазмұндық-функционалдық моделі кәсіби-танымдық, коммуникативті-құзыретті және инновациялық-әрекеттік тәсілдерге негізделіп, өзара сабақтас бес блок арқылы оқыту үдерісінің мақсаты, мазмұны мен нәтижесін жүйелейді.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді Ұсынылған мазмұндық-функционалдық модель зерттеудің теориялық негіздері мен педагогикалық эксперимент нәтижелері арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ Бұл ереже белгілі педагогикалық модельдерді қайталамайды. Ізденуші метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған арнайы мазмұндық-функционалдық модель ұсынып, оның құрылымдық блоктары мен өзара байланысын ғылыми тұрғыдан негіздеген.</p> <p>7.3 Жаңа ма? – 1) иә Ғылыми жаңалығы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған мазмұндық-функционалдық модельді әзірлеуінде және жобалау технологияларын экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында кіріктіру механизмдерін айқындауында көрінеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі – 3) кең Ұсынылған модель жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында, элективті курстарда, педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде және кәсіби-бағдарланған шеттілдік білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) иә Аталған ғылыми қағида автордың «Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды үлгілеудің кейбір элементтері» (Абай</p>
--	---	--

атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2017) атты ғылыми мақаласында жарияланып, ғылыми қауымдастық талқылауынан өткен және зерттеу нәтижелерімен негізделген.

Қағидат 3: Профконцепт мазмұны мен аспектілері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби тілдік санасын қалыптастыруға бағытталған интеграцияланған лингводидактикалық жүйе болып табылады және тақырыптық-мазмұндық бірлік негізінде пәндердің вертикальды және горизонтальды интеграциясын қамтамасыз етеді.

7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді

Профконцепттің құрылымы, мазмұны мен қызметі анықталып, оның кәсіби тілдік сананы қалыптастырудағы рөлі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденген.

7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ

Ұсынылған тұжырым жалпы педагогикалық қағидаларды қайталамайды.

7.3 Жаңа ма? – 1) иә

Ғылыми жаңалығы профконцепттің салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативтік аспектілерін айқындауда, тақырыптық-мазмұндық бірлік арқылы бірнеше оқу пәнінің мазмұнын интеграциялау механизмін ұсынуда көрінеді.

7.4 Қолдану деңгейі – 3) кең

Бұл қағиданы жоғары оқу орындарында шетел тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында, кәсіби-бағдарланған шеттілдік білім беру курстарында, элективті пәндерді әзірлеуде және пәнаралық оқытуды ұйымдастыруда кеңінен қолдануға болады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) иә

			<p>Аталған ғылыми қағида диссертация тақырыбы бойынша жарияланған «Лингводидактические особенности организации профессионально-метакоммуникативного содержания иноязычного образования» (Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2023) ғылыми мақалада көрініс тапқан</p> <p>Қағидат 4: Жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі, кезеңдеп оқыту әдістемесі және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді практикалық механизмі болып табылады.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді . Жаттығулар жүйесі мен кезеңдеп оқыту әдістемесін қолдану білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейінің артуына оң әсер еткен.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ Бұл қағида жалпыға белгілі әдістемелік тұжырымдарды қайталамайды.</p> <p>7.3 Жаңа ма? – 1) иә Ғылыми жаңалығы жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесін, кезеңдеп оқыту әдістемесін және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігін біртұтас лингводидактикалық кешен ретінде әзірлеуінде көрінеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі – 3) кең Педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) иә Аталған қағида диссертация тақырыбы бойынша жарияланған «Английский язык для учителей иностранного языка в школах с экономическим уклоном»</p>
--	--	--	--

(2026) оқулығы мен «A Concise thesaurus dictionary of economic terms and concepts» (2026) тәжірибелік зерттеу нәтижелерімен расталған.

Қағидат 5: Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында алынған он динамикалық көрсеткіштермен дәлелденеді.

7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді

Ұсынылған әдістеменің тиімділігі статистикалық деректермен расталған.

7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ

Бұл тұжырым жалпыға белгілі ғылыми қағидаларды қайталамайды.

7.3 Жаңа ма? – 1) иә

Ғылыми жаңалығы метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған авторлық әдістеменің тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеуінде және оның кәсіби даярлау сапасына әсерін ғылыми тұрғыдан негіздеуінде көрінеді.

7.4 Қолдану деңгейі – 3) кең

Кәсіби-бағдарланған шетел тілін оқыту курстарында, педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде және білім беру практикасының әртүрлі деңгейлерінде кеңінен қолдануға болады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) иә

тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерін қамтитын «Научно-педагогические подходы к формированию профессиональной метакоммуникативной компетенции будущих учителей ИЯ в профильной школе» (Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2020), сондай-ақ «Formation of metacommunicative competence in the context

			of professional training of future foreign language teachers» (Madrid, 2017), «Developing metacompetence in future primary school teachers» (Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022), «Formation of meta-subject skills in students of specialized classes in English lessons» (Scientific Herald of Uzhhorod University, Series “Physics”, 2024) еңбектерде жарияланып, ғылыми қауымдастықтың талқылауынан өткен және зерттеу деректерімен негізделген.
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен берілген ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама жеткілікті түрде сипатталған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <u>иә</u>; 2. жок. 	<p>Диссертацияның әдіснамалық негіздері зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және нақты айқындалған. Зерттеу шеттілдік білім берудің когнитивтік-лингвомәдени теориясына (Р.П. Мильруд, Д. Хаймс, М. Байрам, С.С. Құнанбаева), құзыреттілікке негізделген білім беру моделіне (В.П. Беспалько, В.В. Сафонова, А.В. Хуторской, Б.А. Жетпісбаева), мәдениетаралық коммуникация теориясына (Р. Якобсон, А. Вежбицкая, И.И. Халеева), кәсіби шеттілдік тұлғаны қалыптастыру тұжырымдамасына (Е.И. Пассов, С.Г. Тер-Минасова, И.А. Зимняя), тезаурус және метакоммуникация теориясына (Н.С. Сукроева, Т.М. Дридзе, Т.А. Кульгильдинова), когнитивтік лингводидактикаға (Дж. Лакофф, И.А. Стернин) және жобалық оқыту теориясына (Дж. Дьюи, В. Килпатрик, Е.С. Полат) сүйеніп құрылған. Таңдалған әдіснамалық тұғырлар зерттеу логикасын, мазмұнын және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.</p>

	<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдалану арқылы алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <u>иә;</u> 2. жок. 	<p>Зерттеу барысында педагогикалық эксперимент нәтижелерін өңдеу мен талдау үшін математикалық-статистикалық әдістер қолданылған. Автор зерттеу деректерін сандық және сапалық тұрғыдан өңдеп, олардың нәтижелерін кестелер, диаграммалар және статистикалық көрсеткіштер арқылы интерпретациялаған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <u>иә;</u> 2. жок. 	<p>Педагогикалық эксперименттің анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері арқылы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейлеріндегі өзгерістер анықталған. Эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтардың мәнді екенін көрсетіп, зерттеу барысында анықталған теориялық тұжырымдар мен заңдылықтардың дұрыстығын растаған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған, расталмаған.</p>	<p>Ғылыми мәлімдемелер отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, заманауи ғылыми зерттеулерге және нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып расталған. Шеттілдік білім беру мәселелеріне қатысты ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау жасалған. Пайдаланылған әдебиеттер зерттеу тақырыбына сәйкес</p>

			<p>тандалып, тұжырымдардың сенімділігі мен ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз:</p>	<p>Пайдаланылған 174 ғылыми дереккөз зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға жеткілікті. Отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері, заманауи ғылыми мақалалар, диссертациялық зерттеулер, нормативтік-құқықтық құжаттар және ғылыми жарияланымдар енгізілген.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1. иә; 2. жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған теориялық тұжырымдар шетелдік білім беру әдістемесінің ғылыми қорын толықтырып, болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіруге қатысты жаңа ғылыми білім қалыптастырады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1. иә; 2. жоқ.</p>	<p>Диссертация нәтижелерінің практикалық маңызы жоғары. Экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі мен «Ағылшын тілі: экономикалық бейіндегі мектептерде» ігі шетел тілі мұғалімдеріне арналған» оқу құралы білім беру үдерісіне енгізілгені арнайы енгізу актілерімен расталған. Сондықтан зерттеу нәтижелерін педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1. толығымен жаңа; 2. жартылай жаңа (жаңа 25–75%); 3. Жаңа емес (жаңа 25%-дан аз).</p>	<p>Диссертациядағы практикалық ұсыныстар толықтай жаңа және білім беру тәжірибесінде қолдануға дайын ғылыми-әдістемелік өнім ретінде бағаланады. Себебі диссертант экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында мазмұндық-функционалдық модельді, профконцепт негізіндегі оқыту мазмұнын, кезеңдеп жүзеге асырылатын әдістемені, тезаурустық жаттығулар жүйесін, дискурсивті-интерактивтік және жобалық-рефлексивтік тапсырмалар кешенін, сондай-ақ экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігін әзірлеген.</p>

10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <ol style="list-style-type: none"> 1. жоғары; 2. орташа; 3. орташадан төмен; 4. төмен 	Зерттеу құрылымы логикалық жүйелілікпен берілген, ғылыми аппарат толық сақталған, мақсат-міндеттер, зерттеу нәтижелері мен қорытындылар өзара үйлесімді байланыста ұсынылған. Мәтін ғылыми стильде жазылып, терминологиялық аппарат бірізді қолданылған. Автордың ой-тұжырымдары нақты, дәлелді және академиялық жазу нормаларына сәйкес баяндалған.
11.	Диссертациялық жұмысқа қойылатын ескертулер		<ol style="list-style-type: none"> 1. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде 32-бетте метакоммуникативтік құзыреттіліктің теориялық негіздері жан-жақты талданған. Отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастарын салыстырмалы түрде кесте немесе сызба арқылы ұсыну бөлімнің көрнекілігін арттырып, негізгі тұжырымдарды қабылдауды жеңілдеті түсер еді. 2. 44-беттен басталған 1.3. тақырыпшада талқыланатын экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі қарастырылғанымен, «экономикаға бағдарланған оқыту» ұғымының педагогикалық және әдістемелік ерекшеліктерін нақтылайтын заманауи (5-10 жыл) зерттеулерге көбірек талдау жасау орынды болар еді. 3. 117-беттен басталатын диагностикалық тапсырмалар жүйесі мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдері жалпы алғанда жүйелі сипатталған. Дегенмен тапсырмалардың орындалу уақыты мен күрделілік деңгейінің білім алушылар ерекшеліктеріне сәйкестігі, эксперименттің әр кезеңінің ұзақтығы мен мазмұны бойынша қысқаша нақтылаулар берілсе, зерттеудің әдістемелік негізділігі мен мазмұндық айқындығы арта түсер еді.
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі		Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 20 ғылыми еңбекте жарияланған. Оның ішінде Scopus деректер базасындағы журналдарда 4 мақала, ГЖБССҚК ұсынған басылымдарда 6 мақала, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 8 мақала жарық көрген. Зерттеу нәтижелері негізінде оқулық пен тезаурустық сөздік әзірленген. Жарияланған еңбектер диссертация тақырыбының негізгі ғылыми нәтижелерін қамтып, олардың ғылыми қауымдастықта талқыланып, апробациядан өткенін көрсетеді.
13.	Қорытынды		Жаназарова Загира Кожабаявнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік

	<p>күзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талапқа сай толық аяқталған сапалы зерттеу жұмысы ретінде бағалай отырып, 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілдері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетке ұсыныс жасаймын.</p>
--	--

Ресми рецензент:
PhD, аға оқытушы
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Филология институты
шет тілдерін оқыту әдістемесі және мәдениетаралық коммуникация кафедрасы
Email: berkinbaveva.g@qyzpu.edu.kz

Қолы _____
 Рәділіс _____
 Растаймын «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
 Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

Беркинбаева
(КОЛЫ)



Беркинбаева Гульзат Онгарбековна
(аты-жөні)